

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

- единые требования к использованию и установке специального оборудования (пандусы, подъемники, схемы, тактильные дорожки) именно в образовательных учреждениях (детские сады, школы, колледжи, университеты), в том числе и частных;
- наличие ассистентов для маломобильных обучающихся (данная штатная единица есть в школах, колледжах, но в университетах пока не введена);
- обязательное наличие специальной литературы и оборудования для незрячих и слабослышащих обучающихся в библиотеках и аудиториях образовательных учреждений
- создание обучающих видеофильмов с сурдопереводом для слабослышащих обучающихся, с обязательной экспертизой соответствующими органами;
- определение необходимого процента ППС, прошедшего обучение по инклюзивному обучению в зависимости от количества обучающихся с особыми образовательными потребностями в конкретном образовательном учреждении.

2. Необходимо введение в штат образовательных учреждений единицы социального работника, с утверждением его профессиональных компетенций на законодательном уровне (профстандарт социального работника в сфере среднего, послесреднего, высшего и послевузовского образования).

3. Если это технически возможно – внести изменения в «Интерактивную карту доступности» именно для учреждений сферы образования. Чтобы каждый человек, имеющий инвалидность мог зайти на сайт и в онлайн режиме смог увидеть – действительно ли в данном учреждении созданы условия, благоприятные для получения знаний и соответствующего уровня образования: наличие ассистента, социального работника, специальной литературы и оборудования, прошли ли преподаватели обучение по инклюзивной среде.

Список использованных источников

1. Килимник Е. В. «Особенности инклюзивного образования в ВУЗе и его преимущество». Уральский юридический институт Министерства внутренних дел Российской Федерации, 2020 г.
2. Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2024 г.)
3. Оценка социально-экономического положения инвалидов с нарушениями опорно-двигательного аппарата в Казахстане (результаты социологического исследования), Алматы, 2011
4. <https://www.un.org/ru/content/disabilitystrategy/>

ӘОЖ 316.422.

ҚАЛА – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ (АСТАНА КЕЙСІ)

Боташева Дильназ Бейбутовна

botasheva.dilnaz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Өлеуметтік ғылымдар факультетінің студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Абетова Зейнеп Тулегеновна

Адамзат қоғамының табиғатқа тікелей немесе жанама әсері жергілікті, жаһандық немесе жергілікті өзгерістерді тудыруы мүмкін. Ол өз кезегінде қоршаған ортаның деградациясы, жаһандық жылыну, өсімдіктер мен жануарлардың жаппай жойылуы, экологиялық дағдарыстар және экологиялық күйреу сияқты адам қызметінің тікелей немесе жанама салдарын қамтиды. Бұл мәселелерді антропоген тұжырымдамасымен байланыстыра, адам әрекеті қаланың экожүйесіндегі өзгерістердің негізгі себебі екенін байқаймыз. Бұл тұрғыда қаланы қоршаған ортамен өзара әрекеттесу процестеріне белсенді қатысушы ретінде

қарастыру маңызды, бұл француз философы Бруно Латур ұсынған агенттік тұжырымдамасымен сәйкес келеді[1].

Көптеген тұрғын үй кешендерінің аулаларында ландшафт алаңдары және жасыл кеңістіктің жетіспеушілігі байқалады, бұл ашық ауада уақыт өткізу мүмкіндігін азайтады. Аулалар мен көшелердегі қоқыс жағымсыз әсер қалдырып, қоршаған ортаға зиян келтіреді. Негізгі себебі - Астанада абаттандыруды елемей, өз нысандарын тапсыруға асығатын құрылыс салушылар көп[2]. Автомобиль көлігі өнеркәсіппен қатар атмосфераның ластануына ықпал етеді, бұл қаланың ауа сапасы мен климатына әсер етеді[3]. Саябақтарда жасыл желектің болмауы табиғи аймақтарға қол жетімділікті шектейді және қаланың экожүйесінің сапасын төмендетеді. Қаланың экожүйесінде маңызды рөл атқаратын Кіші Талдықөл көлі қоқыс пен ластанудан зардап шегеді, бұл оның экологиялық жағдайына қауіп төндіреді. Көл тұрғын үй кешенінің салыну себебінен құрғап жатыр. Бұл қала орталығында сақталған биоәртүрлілікке бай тұрақты экожүйені құрайтын соңғы табиғи көл[4]. Негізгі мәселелерді талдай, урбанизация қаладағы мәселелер санының өсуіне әкелді. Ал зерттеудің мақсаты - Астана қаласының экожүйесіне антропогендік және оның қалалық ортаның серпінді дамуы контекстінде халықтың өмір сүру сапасына әсерін анықтау.

Урбанизация деңгейіне бойынша билік 2025 жылға қойған мақсатқа 2022 жылы жетті. Соңғы жылдары (2018 жылдан 2022 жылға дейін) елдегі қала халқының үлесі шамамен 4 пайыздық тармаққа өсті, 57,6%-дан 61,5%-ға дейін[5]. Ең айқын урбанизация тек Алматы мен Астанада болды. Бұл мегаполистерде көптеген жылдар бойы оң көші-қон сальдосы байқалды.

Астана қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылау жүзеге асырылады. Алайда, антропогендік әсерлерден ауа деңгейінің көрсеткіші нашарлауда. Талдау негізінде қаладағы негізгі мәселелерге ұқсас қалалар алынды[6]. Диаграммада берілген көрсеткіштерге сәйкес ауасы ең лас саналатын қалалар – Астана, Берлин және Варшава. Бұл қоқыс шығындылары, автомобиль және басқа да факторларға байланысты.




Диаграмма 1. Антропогендік әсерлерден туындаған ауа деңгейінің көрсеткіші

Жүргізілген талдаулардан урбанизацияланған қалалардың проблемалары көбінесе жасыл аймақтар мен саябақтардың болмауымен, ауаның ластануымен, сондай-ақ антропогендік әсерге байланысты су айдындарының жай-күйімен байланысты екенін байқауға болады(кесте. 1).

Қоқыс	Қоқысты сұрыптайды	7
	Қоқысты сұрыптауға тырысады	3
	Қоқысты сұрыптамайды	5
Транспорт	Қоғамдық көлікті	7
	Автокөлік	6
	Екеуі де	2

Тұрғын үй кешені	Жасыл алаң қанағаттандыру деңгейде	2
	Жасыл алаңға реконструкция қажет	2
	Жасыл алаң аз, көп бөлігі асфальт	9
	Алаңдағы элементтердің әртүрлілігі, бірақ аз мөлшерде	2
Саябақ	Саябақтағы жасыл алаң қанағаттандыру деңгейде	1
	Саябақтарға реконструкция қажет	4
	Саябақтардағы жасыл алаңның жетіспеушілігі	5
	Саябақтар санының жеткіліксіздігі	1
	Саябақтар саны аз	4

Кесте 1. Астана қаласының 5 ауданы негізінде жасалынған кодтау


Деректерге негізделген (кесте.1) қаланың әр ауданында жасыл аймақтар мен саябақтардың әртүрлі деңгейлері бар екенін көруге болады. Мысалы, Сарыарқа және Байқоңыр аудандарында жасыл аймақтар жеткіліксіз деп бағаланады, сонымен қатар демалыс аймақтарына көбірек көңіл бөлуді талап етеді. Есіл және Нұра аудандарында жасыл алаңдарда күтім жасау проблемалары бар, бұл олардың нашар жағдайынан көрінеді. Экологиялық жауапкершілікке келетін болсақ, респонденттердің көп бөлігі қоршаған ортаға зиянды әсерді азайту үшін қалдықтарды қайта өңдеуге және қоғамдық көлікті пайдалануға деген ұмтылысын білдіреді, дегенмен жеке көлікті таңдауда ыңғайлылық жиі маңыздырақ. Сұхбатты талдай, Есіл ауданы респонденттерінің көп бөлігі қоқысты сұрыптамайтынын анықтауға болады(Сурет1)[7]. Ал Нұра ауданының респонденттердің көп бөлігі «Жасыл Квартал» тұрғын үй кешеніне реконструкция қажет екенін мәлімдейді[8]. Аудандағы субұрқақтың дұрыс жұмыс істемеуі және оның қоқыс жиналатын батпаққа айналуы тұрғын үй кешенінің бастапқы мақсаттары мен тұжырымдамасына қайшы келетін күрделі мәселелер екені сөзсіз. Бұл немқұрайлылық әсерін тудырады және аумақтың жалпы көрінісі мен визуалды қабылдауын, тұрғын үй кешенінің тартымдылығын, жайлылығын төмендетеді. Субұрқақты қоқыс жиналатын батпаққа айналдыру зиянды бактериялар,су мен қоршаған ортаның ластануына және денсаулыққа қауіп төндіреді (Сурет 2).



Сурет 1. Есіл ауданындағы алаң және сурет 2 «Жасыл Квартал» тұрғын үй кешенінің алдындағы субұрқақ

Талдау негізінде Алматы ауданындағы респонденттердің көп бөлігінің тұрғын үй кешендеріндегі жасыл алаңдардың тапшылығы анықталды. Google my maps қосымшасы негізінде картографиялық әдіс бойынша ауданындағы «Эмират» тұрғын үй кешеніндегі аталған мәселе орын алуда (Сурет 3). Картадағы асфальтталған алаңдар көп бөлігін алып жатқанын көруге болады, ал жасыл жолақпен белгіленген рекреациялық аймақ аз мөлшерде. Сонымен қатар, сурет 4 асфальтталған жер алаңның көп бөлігін алып жатыр, тұрғын үй кешенінің алдында тек ойын алаңы орналастырылған. Бұл табиғи элементтердің біркелкі

бөлінбеуін және релаксация мен ашық ауада демалудың шектеулі мүмкіндіктерінің белгісі. Асфальтталған жердің көп болуы аймақтағы экологиялық жағдайдың нашарлауына және ауа температурасының жоғарылауына әкеледі. Мұндай бөлу тұрғындардың психологиялық әлауқатына әсер етіп, тұрғылықты жерінен жайлылық пен қанағаттану деңгейін төмендетеді.



Сурет 3. «Эмират» тұрғын үй кешенінің ситуациялық схемасы және сурет 4. Тұрғын үй кешенінің алаңы


Google my maps қосымшасын талдай отырып, 3D Design Software Sketsup арқылы тұрғын үй кешеніне реконструкция жасалды(Сурет 5). Тұрғын үй кешенінің ситуациялық схема мен бас жоспары негізінде 3 реконструкция мысалы берілді.

Сонымен қатар, тұрғындардың өмір сүруінің жайлылығын көтеру мақсатында кешен нысандармен толтырылды.



Сурет 5. Тұрғын үй кешенінің реконструкциясы

Респонденттердің жауаптарына сәйкес, Сарыарқа және Байқоңыр ауданындағы саябақтарға реконструкция қажет. Себебі, саябақтарға күтімді тұрғындар көп баратын Есіл және Алматы аудандардағы жасауда. Сарыарқа ауданындағы алаңның жасыл аймағы және әртүрлі элементтердің болмауы байқалды(Сурет 6). Сарыарқа ауданында үш респондент жасыл аймақтар мен саябақтардың жай-күйіне наразылығын білдіріп, қазіргі жағдайға наразы екенін атап өтті. Байқоңыр ауданында бір респондент жасыл аймақтар мен саябақтардың қанағаттанарлықсыз жағдайына назар аударып, облыстардың қараусыз және ұқыпсыз болып көрінетінін атап өтті. Сәйкесінше, Мәскеу 33 көшесінде орналасқан алаңды картографиялық және реконструкциялық талдау негізінде алынды.



Сурет 6. Сарыарқа ауданында орналасқан алаң және сурет 7. Алаңның реконструкциясы


Қосымша негізінде тұрғындардың жайлылығы негізінде әртүрлі нысандар, жасыл аймақтар, ойын, спорт алаңдары қосылып, толықтай реконструкция жасалынды.

Су объектілерінің ластануы қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етеді. Талдау негізінде Талдықөл көлі бойынша да expertтік сұхбат жүргізілді. Талдықөл су ресурстарында ластанудың қандай нақты түрлері байқалады?

«Өздеріңіз білесіздер, қаншама жылдан бері келе жатқан өзекті мәселенің бірі. Бұл жақта құрылыс объектілерін салу қарқыны тоқтамай тұр. Қала әкімдігі Кіші Талдықөлді көміп орнына тұрғын-үй кешендерін салып тастады. Соның әсерінен су ресурстары құртылуда. Шағын көлшіктер мен жасыл белдеулер тұрғын үйі тым көп Астанаға ауадай қажет», - экология және табиғи ресурстар вице-министрі болған Досбол Боташұлы Бекмағамбетов

«Құрылыс жұмыстары, кәріздік суларды тастау», - Ph.d, зерттеуші, «Экологиялық қауіпсіздік орталығы» ЖШС директоры Асанов Даулет Асанович

«Қалалық бас жоспарды ұстанудың және біздің табиғатымызға қамқорлық жасаудың орнына, әкімдік жеке басының пайдасы үшін жерді сатуды жөн көреді. Бас жоспарда су қорғау жолағы белгіленген, алайда қазір ол жерде құрылыс алаңдары салынды. Егер біз тұрақты даму принциптерін сақтасақ, көлді ластанудан үнемі тазартып, оның биологиялық тепе-теңдігін сақтасақ, су тасқыны мен тұрғын ауылдардың жоғалуына байланысты жағымсыз әсерлерден аулақ болар едік», - «Enactus Buketov» командасының университет рәміздерімен пластик қалдықтарын қайта өңдеу және бұйымдар өндіру жөніндегі эдвайзері, халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық департаментінің директоры Жартай Жанибек Маратұлы.



Сурет 8. Кіші талдықөл көлінің реконструкциясы

Сұхбат аясында өзекті болып жатқан су тасқыны мәселесіне жауап алынды. Яғни, құрылысты тоқтатып, Кіші Талдықөл көліне судың барлығын құйған жағдайда аталған мәселеге кезікпес едік. Кіші Талдықөлді қайта құру қала тұрғындарының өмірін жақсартуға

және туристерді тартуға бағытталған қала дамуының негізгі элементі болып табылады. Бұл процесс инфрақұрылымды жаңартуды ғана емес, сонымен қатар экологиялық тұрақты қоғамдық кеңістіктерді құруды да қамтиды. Судың сапасын жақсарту және демалыс аймақтарын құру салауатты және белсенді қоғамдастықтың қалыптасуына, сондай-ақ туризмнің дамуына ықпал етеді.

Сонымен қатар, қайта құру инфрақұрылым мен қауіпсіздікті жақсартуға ықпал етеді, бұл қаланы өмір сүруге және инвестициялауға тартымды етеді (Сурет 8).

Осылайша, Астана қаласында адамның қоршаған ортаға оң және теріс әсері жүзеге асырылады. Бір жағынан, адамдар жануарлар мен өсімдіктердің жойылып бара жатқан түрлерін сақтауға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату мен залалсыздандыруды жүзеге асыруға, екінші жағынан атмосфера мен су ортасына тонна ластаушы заттарды тастауда. Жағдайды жақсарту үшін өңдеуге және кәдеге жаратуға бағытталған қатты коммуналдық қалдықтардың үлесін арттыру, қалдықтарды бөлек жинақтау жүйесін енгізу, біздің экожүйеде ластанудың пайда болуын болдырмау үшін өндірістерде тазарту құрылыстарын орнату және жақсарту қажет. Қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту және тартымды қалалық орта құру үшін саябақтарда да, тұрғын үй кешендерінің аумағында да жасыл желектердің көгалдандыру және нысандарды қосу бойынша жұмыстар жүргізген жөн. Аудандағы экологиялық жағдайды жалпы жақсартудың бір бөлігі ретінде шағын Талдықөл көлін реконструкциялау маңызды қадам. Ол суды тазарту және жаңарту, көлдің айналасындағы биоалуантүрлілікті сақтау және кеңейту, демалыс пен рекреация үшін қосымша инфрақұрылымдық нысандар құру бойынша қадамдар жасайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. https://www.academia.edu/Documents/in/Бруно_Латур
2. <https://ru.sputnik.kz/20230720/zalysina-vmesto-zelenogo-poyasa-posle-kritiki-tokaeva-v-astane-zaymutsya-ozeleneniem-36895891.html> +
3. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/chto-proishodit-s-vozduhom-v-astane-526626/
4. <https://www.caravan.kz/gazeta/gniyushhee-boloto-ili-celnaya-ehkosistema-pochemu-vokrug-malogo-taldykolya-kiptat-neshutochnye-strasti-666589/>
5. <https://turantimes.kz/obschestvo/41663-uroven-urbanizacii-v-kazahstane-dostig-615.html>
6. <https://turantimes.kz/obschestvo/41663-uroven-urbanizacii-v-kazahstane-dostig-615.html>
7. <https://7news.kz/post/zhiteli-esilskogo-rayona-stolitsy-vnov-protestuyut-protiv-zastroyki-lineynogo-parka>
8. <https://ulysmmedia.kz/news/6595-bi-group-zelionyi-kvartal-obeshchali-postroit-tehnologichno-a-poluchilos-kak-vsegda-dorogo/>

УДК 37.013

ЗАКОНОДАТЕЛЬНО-НОРМАТИВНЫЕ ОСНОВЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Бекенова Асия Сериковна

asiya_bekenova@mail.ru

Магистрант второго курса кафедры социологии

НАО «ЕНУ имени Л.Н.Гумилева», Казахстан, г.Астана

Научный руководитель- Урузбаева Гаухар Тлеубердыевна, к.п.н., доцент

Современные тенденции развития общества диктуют условия жизни человека в рамках успеха, а социальное неблагополучие является острой социальной проблемой, которая бросает